

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ СТАНДАРТТАУ, МЕТРОЛОГИЯ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1994 жылғы 22 сәуір N 424. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1996.02.21. N 225 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі
бас басқармасын Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет етіп қайта құру
туралы" 1994 жылғы 7 қаңтардағы N 1490 Жарлығына сәйкес Қазақстан
Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау
, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетіне (Қазақстан
Республикасының Мемстандартына):

стандарттау, метрология және сертификаттау жөнінде бірыңғай
ғылыми-техникалық саясат жүргізу және осы саладағы халықаралық
ынтымақтастықты жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасында стандарттауды, метрологияны және
сертификаттауды дамытудың негізгі бағыттарын, перспективалық жоспарлары
мен болжамдарын әзірлеу;

Қазақстан Республикасында стандарттаудың, сертификаттаудың және өлшем
бірлігінің мемлекеттік жүйесін әзірлеу, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және
жетілдіру;

республикалық стандарттарды әзірлеуді және сараптауды, бекітуді, тіркеуді,
шығаруды және мемлекетаралық, халықаралық және ұлттық шетел
стандарттарының қорын жүргізуді ұйымдастыру;

стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі заңдық және басқа да
нормативтік актілерді әзірлеуге қатысу;

республиканың министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің,
ведомстволарының, кәсіпорындары мен ұйымдарының стандарттау, метрология
және сертификаттау жөніндегі жұмыстарын үйлестіріп отыру және
ұйымдық-әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

республикадағы өлшем бірлігін қамтамасыз ету, нақты көлем бірлігінің

мемлекеттік эталондық негізін жасау және сақтау;

республикада өнімді (жұмыс және қызмет көрсету) сертификаттауды жүргізу, сертификаттау жөніндегі органдарды, сертификаттау жөніндегі сынақ орталықтарын (лабораторияларды) аккредиттеу саласындағы бірыңғай ереже белгілеу;

өнім сапасына, стандарттар, техникалық шарттар, метрологиялық ережелер талаптарының сақталуына, өлшеу құралдарының жағдайы мен қолданылуына мемлекеттік қадағалау жүргізу жүктелсін;

олар сатуға және тұтынуға жарамсыз деп танылған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен өнімдер мен тауарларды жою туралы немесе одан әрі өңдеу туралы шешім қабылдау;

Ескерту. 1-ші тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.09.13. N 1259 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау , метрология және сертификаттау жөніндегі комитеттің, өзіне жүктелген міндеттер шегіндегі шешімдері министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан кәсіпорындар, ұйымдар және республикадағы экономикалық қатынастағы басқа да субъектілер үшін орындауға міндетті деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау , метрология және сертификаттау жөніндегі комитетке Үкіметтің тапсыруы бойынша стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық, шетелдердегі аймақтық және ұлттық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіру өкілдігі берілсін.

4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау , метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті орталық аппараты қызметкерлерінің шекті саны (күзет пен қызмет көрсетуші қызметшілерді есепке алмағанда) 60 адам болып белгілесін.

5. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау , метрология және сертификаттау жөніндегі комитеттің Төрағасына белгіленген адам саны мен еңбек ақы қоры шегінде Комитеттің орталық аппаратының штаттық кестесін бекіту құқы берілсін.

Ескерту. 5-тармақтан сөздер алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.02.06. N 115 қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау , метрология және сертификаттау жөніндегі комитет пен оның бағынысындағы органдардың стандарттардың, техникалық шарттардың, метрологиялық ережелердің сақталуына, өлшеу құралдарының жай-күйі мен қолданылуына мемлекеттік қадағалау, сондай-ақ нақты көлем бірлігінің эталондық негізін жасау

мен ұстау, стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік жүйелерін әзірлеу саласындағы қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеттің материалдық-техникалық базасын дамытуға бағытталатын стандарттау және сертификаттау туралы заңды бұзғаны үшін заңды тұлғалардан өндіріп алынатын соманың 10 проценті мөлшеріндегі арнайы қаражаты жүзеге асырылады деп белгіленсін. Аталған қызметтерден басқа жұмыстар шарттық негізде, тапсырыс берушінің қаржысы есебінен атқарылады.

Ескерту. 6-шы тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.09.13.

№ 1259 қаулысымен.

7. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетіне Төрағаның екі орынбасарының және құрамында 7 адам бар алқаның болуына рұқсат етілсін.

8. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетке қызмет бабындағы 3 жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

9. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет жүйесінде шаруашылық есеп негізіндегі:

"ҚазСЕРТИКО" мемлекеттік шағын кәсіпорыны негізінде республиканың өнімді, жұмыс пен қызмет көрсетуді сертификаттау жөніндегі басты ғылыми-әдістемелік орталық міндеті жүктелген Қазақстан мемлекеттік өнімді сертификаттау және сынақтан өткізу орталығы (ҚазСЕРТИКО);

"Стандарттар" мемлекеттік шағын кәсіпорынның негізінде мемлекеттік стандарттарды, ережелерді, ұсыныстарды және басқа да нормативтік-әдістемелік құжаттарды шығару және көбейту құқы бар "Стандарттар" баспа-полиграфия кәсіпорны құрылсын.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетке тексеру құралдарын, автокөлік сатып алуға, өндіріс алаңдарын кеңейтуге, баспа-полиграфия қызметін қамтамасыз етуге қажетті қаржыны; халықаралық және ұлттық шетел стандарттарын алу, стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қажетті валюта қаржысын бөлуді қарастырсын.

Үкімет шешімін қажет ететін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізілсін.

11. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат

министрлігі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетке оның баспа-полиграфия қызметін ұйымдастыруға көмек көрсетсін.

12. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігімен және басқа да мүдделі ұйымдармен бірлесіп республикада прибор жөндеу базасын құру;

Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен және басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволармен бірлесіп стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі ғылыми және білім беру базасын құру туралы мәселелерді пысықтасын

Аталған мәселелер жөніндегі бірлесіп әзірлеген ұсыныстар 3 ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына енгізілсін.

13. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетке оның жүйесіне кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мүлкін иемдену, пайдалану және басқару құқын берсін.

14. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет жүйесіне, аумақтық стандарттау және метрология орталықтары мен қосымшаға сәйкес кәсіпорындар кіреді деп белгіленсін.

15. Ұсынылып отырған Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет туралы ереже бекітілсін.

16. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқарма туралы" 1992 жылғы 15 шілдедегі N 600 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 28, 427-бап) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 22 сәуірдегі
N 424 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің
жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау
жөніндегі комитет жүйесіне кіретін аумақтық органдар
мен кәсіпорындардың
Тізбесі

Алматы стандарттау және метрология орталығы	Алматы қаласы
Ақмола стандарттау және метрология орталығы	Ақмола қаласы
Ақтөбе стандарттау және метрология орталығы	Ақтөбе қаласы
Атырау стандарттау және метрология орталығы	Атырау қаласы
Шығыс Қазақстан стандарттау және метрология орталығы	Өскемен қаласы
Жамбыл стандарттау және метрология орталығы	Жамбыл қаласы
Жезқазған стандарттау және метрология орталығы	Жезқазған қаласы
Батыс Қазақстан стандарттау және метрология орталығы	Орал қаласы
Қарағанды стандарттау және метрология орталығы	Қарағанды қаласы
Қызылорда стандарттау және метрология орталығы	Қызылорда қаласы
Көкшетау стандарттау және метрология орталығы	Көкшетау қаласы
Қостанай стандарттау және метрология орталығы	Қостанай қаласы
Маңғыстау стандарттау және метрология орталығы	Ақтау қаласы
Павлодар стандарттау және метрология орталығы	Павлодар қаласы
Солтүстік Қазақстан стандарттау және метрология орталығы	Петропавл қаласы
Семей стандарттау және метрология орталығы	Семей қаласы

Талдықорған стандарттау және метрология орталығы	Талдықорған қаласы
Торғай стандарттау және метрология орталығы	Арқалық қаласы
Оңтүстік Қазақстан стандарттау және метрология орталығы	Шымкент қаласы
Өнімдерді сертификаттау және сынақтан өткізу жөніндегі "ҚазСЕРТИКО" Қазақ мемлекеттік орталығы	Алматы қаласы
"Стандарттар" баспа-полиграфия кәсіпорны	Алматы қаласы

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 22 сәуірдегі
N 424 қаулысына
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау метрология және сертификаттау жөніндегі комитет туралы Е р е ж е

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау , метрология және сертификаттау жөніндегі комитет (мұнай әрі - Мемстандарт) республикада стандарт талаптарын, техникалық шарттарды және өлшем құралдарының жай-күйін сақтау үшін стандарттау, метрология, сертификаттау және мемлекеттік қадағалау мәселелері жөніндегі мемлекеттік басқару органы б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Мемстандарт өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін, Жоғарғы Кеңестің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

3. Мемстандарттың негізгі міндеттері:
стандарттау, метрология, сертификаттау саласында біртұтас ғылыми-техникалық саясат жүргізу және өнімнің сапасын қамтамасыз ету,

халықаралық нарыққа шығу үшін техникалық кедергілерді болдырмауды Қазақстан Республикасының мүддесін сақтау, мемлекеттің мүддесін және тұтынушылардың құқығын қорғау;

стандарттаудың, сертификаттаудың және өлшем бірлігінің мемлекеттік жүйесін әзірлеу, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және жетілдіру, республиканың эталон базасын құру, Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандартын халықаралық, аймақтық және мемлекетаралық стандарт талабымен үйлестіру;

заңдарды және басқа нормативтік актілерді әзірлеуге қатысу, стандарттау, метрология, сертификаттау және мемлекеттік қадағалау жөніндегі әдістемелік құжаттарды әзірлеу;

республикада стандарттаудың, сертификаттаудың және өлшем бірлігінің халықаралық, мемлекетаралық және мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуі жөнінде министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмысын үйлестіру;

өнімнің сапасына мемлекеттік қадағалауды, стандарт талабын және техникалық шартты, метрологиялық ереже мен өлшем құралының жай-күйін сақтауды жүзеге асыру болып табылады.

4. Мемстандарт өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

республикада стандарттауды, метрологияны және сертификаттауды дамытудың негізгі бағытын айқындайды;

өнімнің техникалық деңгейі мен сапасын арттыру бөлігінде республиканың экономикалық әрі әлеуметтік дамуының, оның сыртқы нарықтағы бәсекелестік қабілетін арттырудың негізгі бағыттарын әзірлеуге, стандарттау, метрология және сертификаттау объектілері бойынша мемлекетаралық бағдарламаны жүзеге асыруға қатысады;

стандарттаудың, метрологияның және сертификаттаудың мемлекетаралық әрі аймақтық жүйесін әзірлеуге қатысады, олардың республика аумағында жұмыс істеуін ұйымдастырады;

республикадағы стандарттауды, метрологияны және сертификаттауды дамытудың қол жеткізілген деңгейін бағалау жөніндегі жүйелі жұмысты ұйымдастырады, осы салада ғылыми-техникалық жетістікті неғұрлым тиімді пайдаланудың жолдарын айқындайды;

министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, ведомстволармен, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттермен бірлесіп, мемлекеттік стандарттаудың жыл сайынғы жоспарын әзірлейді әрі оны бекітеді, мемлекетаралық стандарттаудың жоспарына ұсыныс дайындайды;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарын және басқа нормативтік-техникалық құжаттарын әзірлеуді, қайта қарауды, сараптауды, бекітуді және тіркеуді ұйымдастырады;

шет елдердің мемлекеттік, мемлекетаралық, аймақтық, халықаралық және ұлттық стандарттарының қорларын қалыптастырады және жүргізеді;

мемлекеттік, мемлекетаралық стандарттарды, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі ережелері мен ұсыныстарын басып шығаруды, қайта басып шығаруды және таратуды жүзеге асырады;

өнімдерге және шығарылған өлшем құралдарына тіркелген нормативтік-техникалық құжаттамалар туралы тиісті органдарға хабарлау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, мүдделі министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, ведомстволарға, кәсіпорындар мен ұйымдарға стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы нормативтік-техникалық құжаттама талаптарының өзгергені туралы хабарлайды;

стандарт талабының және техникалық шарттың, метрологиялық ереженің, өлшем құралдарының жай-күйі мен қолданылуының сақталуына, сондай-ақ стандарттаудың ведомстволық қызметі мен мемлекеттік басқару органдарындағы, меншік нысандарына қарамастан шаруашылық жүргізуші субъектілеріндегі метрологиялық қызметтің жұмысына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

мемлекеттік қадағалаудың нәтижесін жинақтап қорытады, республика кәсіпорындары шығаратын өнімдердің техникалық деңгейі мен бәсекелестік қабілетін талдайды әрі отандық және импорт өнімдерінің сапасы туралы, стандарт, талабы мен техникалық шарттың бұзылғаны туралы мәліметтер банкін қалыптастырады және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат табыс ет е д і ;

өнімдерді (жұмыстар, қызмет көрсетулер), өндіріс пен сапа жүйесін сертификаттау, сертификаттау жөніндегі органдарды, сынақ лабораторияларын (орталықтарды) аккредиттеу және тіркеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және жүргізеді, республиканың шаруашылық жүргізуші субъектілерге және мүдделі халықаралық әрі аймақтық ұйымдарға сертификаттау, сынақ лабораториялары (орталықтар), сертификатталатын өнімдер мен сапаның сертификатталған жүйелері туралы хабарлайды;

нақты өлшем бірлігінің мемлекеттік эталон базасын қажетті деңгейде сақтауды, ұстауды және дамытуды қамтамасыз етеді, республикада қолдануға жіберілген өлшем құралдары мен стандарт үлгілеріне мемлекеттік реестр жү р г і з е д і ;

мемлекеттік метрологиялық қызметтің, уақыт пен жиілік қызметінің, заттар мен материалдардың стандартты анықтамалық мәліметтерінің және стандарттық үлгілерінің жұмыс істеуін ұйымдастырады;

республикада шығарылған және импортпен келген өлшем құралдарына мемлекеттік сынақ жүргізеді, өлшем құралдарын мемлекеттік тексеруден өткізеді

әрі таңбалайды, өлшем құралдарын дайындайтын, тексеретін, жөңдейтін және прокатқа беру мен сатуды жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдардың е с е б і н жү р г і з е д і ;

республиканың стандарттау, сертификаттау және метрология саласындағы мамандарының біліктілігін даярлау мен арттыруды ұйымдастырады әрі жүргізеді ;

стандарттау, метрология және сертификаттау саласында халықаралық және мемлекетаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

Мемстандарттың аумақтық органдары қызметінің негізгі ережелері мен принциптерін әзірлейді ;

шарттарға, келісімдерге және бір жолғы сұраныстарға сәйкес заңды және жеке тұлғаларға ақылы инженерлік-талдау және инженерлік-енгізу қызметтерін көрсетеді .

5. Мемстандартқа оның құзырының шегінде:

өз құзырының шегінде ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, кәсіпорындар мен ұйымдар, басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер орындау үшін міндетті шешімдер қабылдау ;

Үкіметтің тапсыруымен стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық, шет елдегі аймақтық және ұлттық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіру ;

Мемстандартқа жүктелген міндеттерді орындау үшін белгіленген тәртіппен кәсіпорындарға, ұйымдарға беру ;

мемқадағалау жүргізген кезде стандарт талабы мен техникалық шарттың, метрологиялық ереженің және сертификаттау жөніндегі ереженің бұзылу фактілері белгілі болған жағдайда заңмен айқындалған ықпал ету шараларын қолдану ;

министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, ведомстволардан, кәсіпорындар мен ұйымдардан шығарылған өнімдердің сапасы мен техникалық деңгейі және нормативтік-техникалық құжаттамалардың деңгейі туралы белгіленген тәртіппен ақпарат алу ;

стандарттарға, тарифтерге, олар орындаған жұмыстар мен қызмет көрсетулерге баға белгілеу, баспа қызметімен шұғылдану ; сәйкестік сертификатын беру ;

шет елдің сертификаттарын, сәйкестік белгілерін танудың ережесін белгілеу, шет елдің сынау орталықтары мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік сертификаттау жүйесіндегі сертификаттау жөніндегі органдарды аккредиттеу ;

республиканың шаруашылық жүргізуші субъектілерінің өлшем құралдарын өндіру, түгендеу, жөндеу, жалға беру мен сату құқына лицензия жүргізу ;

тиісті министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, ведомстволармен, кәсіпорындармен және ұйымдармен, ғылыми-техникалық қоғамдармен келісе отырып стандарттау, метрология, сынау және сертификаттау саласында бірлесіп жұмыс істеу үшін жоғары білікті мамандарды тарту;

стандарттау, метрология, сертификаттау және өнімнің сапасы саласында жүргізіліп жатқан жұмыстың жай-күйі туралы министрліктерді, мемлекеттік комитеттерді, ведомстволарды, кәсіпорындар мен ұйымдарды тыңдау, туындаған келіспеушіліктерді солармен бірлесіп қарау және ол бойынша шешім қабылдау;

министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, ведомстволармен және басқа шаруашылық жүргізуші субъектілермен бірлесіп, стандарттаудың, метрологияның, сертификаттаудың және өнім сапасын арттырудың техникалық комитеттерін құру;

Мемстандарттың аумақтық органдарының мемқадағалауының нәтижесі бойынша кәсіпорындар мен ұйымдарға әкімшілік әрі экономикалық санкцияларды қолдану және алып тастау құқы беріледі;

олар сатуға және тұтынуға жарамсыз деп танылған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен өнімдер мен тауарларды жою туралы немесе одан әрі өңдеу туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 5-ші тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.09.13. N 1259 қаулысымен.

6. Мемстандарт оған ведомстволық бағыныстағы аумақтық стандарттау және метрология орталықтарының және басқа кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмысына тікелей басшылық жасайды, оларды құрудың, қайта құрудың, таратудың және берудің, мәселелерін, сондай-ақ олар туралы ережелерді белгіленген тәртіппен бекітеді. Мемстандарт пен оған ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындардың және ұйымдардың арасындағы өзара қарым-қатынас "Кәсіпорындар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және осы Ереженің негізінде мемлекеттік басқару функциясы мен тікелей шаруашылық жүргізуді шектеу принципіне құрылады.

7. Мемстандартты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайтын Төраға басқарады.

Мемстандарт Төрағасы лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының стандарттар мен өлшем құралдарын қадағалау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы болып табылады.

Мемстандарт Төрағасының соның ұсынуымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайтын орынбасарлары бар.

Мемстандарт Төрағасының орынбасарлары лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының стандарттар мен өлшем құралдарын қадағалау жөніндегі Бас мемлекеттік инспектордың орынбасарлары болып табылады.

Мемстандартта алқа құрылады, ол өз құзырына жататын мәселелерді қарайды . Алқа шешімі Мемстандарт Төрағасының қаулыларымен және бұйрықтармен ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

М е м с т а н д а р т т ы ң Т ө р а ғ а с ы :

меншік нысандарына қарамастан, мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және кәсіпорындарда Мемстандарттың мүддесін білдіретін шарт жасасады, банктерде есеп айырысу және басқа есепшоттар ашады әрі Мемстандартқа жүктелген міндеттердің орындалуына тікелей жауап береді;

Мемстандарттың құрылымдық бөлімшелерінің және оған ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін ұйымдастырады;

бекітілген сан мен еңбекке ақы төлеу қорының шегінде, қызметкерлер мен мамандардың санының нормасы мен қатынасын есепке алмай, орталық ақпараттың, штат кестесін және мамандардың жалақысын бекітеді;

Мемстандарттың жүйесіне енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын контракт негізінде тағайындайды.

Ескерту. 7-тармақтың 9 абзацынан сөз алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.02.06. N 115 қаулысымен.

8. Мемстандарт мерзімдік және жылдық жиынтық есепті белгіленген тәртіппен түзеді әрі тиісті мемлекеттік органдарға табыс етеді.

9. Мемстандарт заңды ұйым болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және қазақ әрі орыс тілдерінде өзінің атауы жазылған мөрі, фирмалық бланкілері, тексерілетін, сертификатталатын жұмыстарды, өлшем құралдарын сериялық шығаруды және басқа мақсаттарды тіркеу әрі куәландыру үшін арнаулы белгілері мен штамптары бар.